



Балаларға арналған Киелі кітап
ұсынады

Жаратылыстың
басталуы



Мәтінін жазған: Edward Hughes

**Суретін салған: Byron Unger; Lazarus;
Alastair Paterson**

Бейімдеген: Bob Davies; Tammy S.

Қазақ тіліне аударған: Christian Lingua

**Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org**


©2020 Bible for Children, Inc.

**Лицензия: сатуға тиым салынған,
көшірме жасауға немесе басып
шығаруға рұқсат етілген.**



**Бізді кім жаратты? Құдайдың Сөзі,
Киелі кітап адамзаттың қалай пайда
болғанын баяндайды. Баяғыда
Құдай алғашқы адамды
жаратып,
оның атын**

**Адам деп
қойды.**



**Құдай Адамды атаны жердегі
топырақтан жаратты. Ол Адам атаға
тіршілік лебін үрлеген кезде, Адам
ата тірі жан болып шыға келді.**

**Ол Едем деген
әдемі пейіш**

**бағында
тұрды.**



**Құдай Адам атаны жаратпай тұрып
ғажайып нәрселерге толы әдемі
әлемді жаратты. Құдай бірте-бірте
жоталар мен жайылымдарды,**

**хош иісті гүлдер мен биік
ағаштарды, ...**



**... түрлі түсті қанаттары бар құстарды
және ызыңдаған араларды, алып
киттер мен сусылдаған жыландарды
жаратты. Шынында,**


**Құдай барлығын
жаратты.**



**Әуел баста, Құдай әлі
еш нәрсені жаратпай
тұрғанда Құдайдан
басқа ештеңе
де болмаған.
Адамдар
да, жерлер
де, заттар да.
Ешнәрсе болған жоқ.
Жарық та, қараңғылық та.**



**Жоғары да, төмен
де. Кеше де, ертең
де. Тек қана Құдай
болды, ал
Оны ешкім
жаратқан
жоқ. Содан
кейін Құдай
іске кірісті!**



**Әуел баста Құдай аспан
мен жерді жаратты.**



Жер ретсіз, тіршіліксіз

бос жатты;

суға толы

тұңғиықтың

үстін қара

түнек


жауып

тұрды.



Сонда Құдай:


"Жарық
пайда
болсын!"
- деді.



**Осылай жарық пайда болды. Құдай
жарықты күн, ал қара түнекті Ол
түн деп атады. Кеш түсіп, таң атты;
бұл бірінші күн еді.**



**Екінші күні Құдай аспан
астындағы мұхиттардың, теңіздер
мен өзендердің суын ретке келтірді.**



**Үшінші күні Құдай:
"Құрлық көрініп тұратын
болсын!" - деді. Солай болды да.**



**Құдай, сондай-ақ, шөптер мен гүлдер
әрі бұталар мен ағаштар
өсіп шықсын
деп бұйырды.**



**Солай болды да. Кеш түсіп,
таң атты; бұл үшінші
күн еді.**



Сонан соң Құдай күн мен айды
әрі сансыз жұлдыздарды
жаратты. Кеш түсіп,
таң атты; бұл
төртінші
күн еді.




Құдайдың
тізімінде келесі
теңіз жануарлары мен
балықтар және құстар
тұрды. Бесінші
күні Құдай алып
семсер-балық пен ұсақ
майшабақты, ұзын
сирақ страустар мен
кішкентай бақытты
колибри құстарды жаратты.



Құдай жер бетіндегі
бүкіл суларды
толтырсын деп
балықтың барлық
түрін және жерде,
теңіз бен аспанда
мекен етсін деп
құстардың түр-түрін
жаратты. Кеш түсіп,
таң атты; бұл
бесінші күн еді.



Содан кейін Құдай тағы да тіл қатты. Ол: "Жер әр қилы тіршілік иелерін... шығарсын!" -деді. Әр қилы жануарлар мен жәндіктер, бауырымен жорғалаушылар пайда болды. Жүргенде жерді сілкіндіретін алып пілдер мен жыбырлақ құндыздар ...



... пайда болды. Ойнақы маймылдар мен епсіз қолтырауындар. Қылқалам құрттар мен ала тышқындар. Ұзын бойлы керіктер мен пырылдақ мысықтар. Осы күні Құдай жануарлардың түр-түрін жаратты. Кеш түсіп, таң атты; бұл алтыншы күн еді.



**Алтыншы күні Құдай тағы
бір нәрсені жаратты, ол ерекше нәрсе
еді. Енді адамның пайда болуы**

**үшін барлығы дайын
болды. Далада
азық та, оған
қызмет ететін
жануарлар
да дайын.**



**Сонда Құдай: "Біз Өзімізге ұқсас
әрі бейнелес етіп адамды жаратайық.
Ол жер бетіндегінің барлығына билік
жүргізсін!" деді.
Осылайша Құдай
адамды Өзіне
ұқсас әрі
бейнелес етіп
жаратты.**



**Құдай Адам атаға тіл
қатып: "Осы бақта
нені қаласаң соны
жеуіңе болады.
Бірақ жақсылық
пен жамандықты
танытатын
ағаштың жемісін жеме!
Себебі одан жесең,
сол күні өлесің"
- деді.**



Содан кейін Құдай Ие: "Адамның жалғыз болғаны жақсы болмас.

Мен оған көмекші жасап берейін," - деді. Құдай Ие даладағы барлық жануарларды және

аспандағы күллі құстарды Адам атаға алып келді.



Адам ата олардың бәріне ат қойды.
Осындай жұмысты атқару үшін оның
асқан ақылды болғаны
анық. Алайда барлық
құстар мен жануарлардың
арасынан Адам атаға



лайықты
көмекші
табылмады.




**Құдай Адам атаны терең ұйқыға
батырды. Ұйықтап жатқан адамның**

**бір қабырғасын
алып, Құдай
Адам атаның
қабырғасынан
әйел жасап
шығарды.**



Құдай жаратқан әйел Адам атаның көмекшісі болуға лайық еді.



**Құдай барлығын алты күнде
жаратты. Жетінші күнге
Құдай оң батасын беріп, сол
күні еңбек етпей демалды.**



**Едем бағында Адам ата мен
оның әйелі Хауа ана Құдайдың
тыңдап, бақытты күндер
кешіп жатты. Құдай олардың
Иесі, Қамқоршысы және
Досы болды.**



Жаратылыстың басталуы

Құдайдың Сөзінен, Киелі кітаптан әңгіме

табылады

Жаратылыстың басталуы 1-2

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын
шашады." Забур 119:130



СОЏЫ



Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді
жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын
тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді
біледі. Ол мұны күнә деп атайды.

Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен,
Өзінің жалғыз Ұлын, Исаны айқыш
ағашта өліп, біздің құнымызды
өтеу үшін жіберді. Иса қайта тіріліп,
көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің
күнәларымызды кешіре алады.



Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе,
Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның
мен үшін өліп, қайта тірілгеніне сенемін.

Мен енді жаңа өмірге ие болып,
кейін Сенімен мәңгі бірге болуым
үшін менің өміріме келе гөр, менің
күнәларымды кешіре гөр. Сенің
балаң болып, Сен үшін
өмір сүруіме көмектесе гөр.

Аумин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып,
Құдаймен тілдес.

